

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 11 наурыз N 223. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

#### 1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ереже 1-қосымшаға с ә й к е с ;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбесі 3-қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мемлекеттік мекемелерінің - аумақтық органдарының тізбесі 4-қосымшаға сәйкес.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-ші абзацының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.23. N 461 қаулысымен .*

2 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.06. N 852 қаулысымен .*

3. Қазақстан Республикасының Әділет министріне 5 вице-министр ұстауға рұқсат етілсін, оның ішінде бір бірінші. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.04. N 163 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.09. N 22 қаулысымен .*

4 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.03. N 1301 қаулысымен .*

5 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен .*

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы 1997 жылғы 30 қазандағы N 1473

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 47, 440-құжат)

күші жойылған деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

11 наурыздағы N 223

қаулысына

1-қосымша

## Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің мынадай облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары және ведомстволары болады: Тіркеу қызметі комитеті, Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.30. N 151 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.29. N 411 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.14. N 494 қаулысымен .*

*Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.23. N 461 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 260 қаулысымен .*

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы

заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады. < \* >

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

Егер оған заңдарға сәйкес өкілеттілік берілсе, онда Министрлік мемлекетті билдіруге құқылы.

*ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093*

қаулысымен .

4. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Министрдің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093*

қаулысымен .

6. Министрліктің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 4 5 .

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" мемлекеттік мекемесі; < \* >

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтайшы құжаты болып табылады. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 7,8-тармақтар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093*

қаулысымен .

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек мемлекеттік бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

## **2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары**

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерімен;
- 2) Әділет министрлігін құру туралы актімен;
- 3) осы Ережемен белгіленеді.

11. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: жалпыұлттық мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысу ;

заң жобалары жұмыстарын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу; < \* >

нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу; < \* >

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындауды және жасасуды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмек берумен байланысты іс-шараларды үйлестіру;

нотариаттық және адвокаттық қызметті, сот-сараптама қызметін және оның

құзыретіне жатқызылған өзге де қызмет түрлерін лицензиялау; <\*>  
анықтау қылмыстық іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіпте;<\*>  
заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтар мен онымен жасалған  
мәмілелерді, жылжитын мүлік кепілдігін және қаржы лизингі шарттарын,  
нормативтік құқықтық актілерді, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді  
жүзеге асыру; <\*>

өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында бақылау және қадағалау  
функцияларын жүзеге асыру; <\*>

халыққа құқықтық көмек пен заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру;  
құқықтық насихат пен құқықтық жаппай оқуды ұйымдық-әдістемелік  
қамтамасыз ету;

өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхема  
топологиялары құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету; <\*>

Қазақстан Республикасында авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың  
сақталуын бақылау;

заңдармен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру;  
шетел ұйымдары алдында берешек мәселелері бойынша Ведомствоаралық  
комиссия шеңберінде шетелдік кредиторлардың талаптарына құқықтық  
сараптама жүргізу; <\*>

< \* >

қылмыстық жазалауды орындау және оларға қатысты бұлтартпау шарасы  
ретінде қамауға алу қолданылған күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау; <\*>

заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс  
жүргізуді жүзеге асыру; <\*>

сот-сараптамасы қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру; <\*>  
есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы  
саласындағы халықаралық ынтымақтастықты және олардың заңсыз айналымы  
мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекетті үйлестіру және жүзеге асыру. <\*>  
>

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.12. N 1695*  
қаулысымен .

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің*  
*2000.06.06. N 852 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ 13 абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.23.*  
*N 1295 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.30. N 151 қаулысымен*  
.

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.29. N 411 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың 6,7-абзацтары алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.04.14. N 494 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1389 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1750 қаулысымен*

*Ескерту. 11-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен*

*Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.22. N 939 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 260 қаулысымен.*

12. Министрліктің функциялары мыналар болып табылады:

1) заң жобасы жұмыстарын жүргізу, заңдарды жетілдіру саласында: заң жобасы жұмыстары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша және өз бастамашылығы бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу; заңдардың жобаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді заңи сараптау ;

заң жобалары, сараптама, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен консультацияларды жүзеге асыру үшін осы мақсатқа бюджеттік және өзге де қаражатты пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, оның ішінде шетелдің мамандары мен сарапшыларын тарту; <\*>

Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша және өз бастамашылығы бойынша Үкіметтің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беру ;

құқықтық ақпараттандыруды қамтитын заңдарды жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің эталондық банкін және құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін жүргізу; <\*>

заң шығару саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру;

2) сот-сараптамасы қызметінің жұмысын, анықтауды және әкімшілік іс жүргізуді ұйымдастыру саласында: <\*>

сот сарапшылары кадрларын іріктеу және орналастыру; <\*>

сот-сараптама ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

мемлекеттік сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және заңнамада белгіленген тәртіппен сот сарапшыларына лицензиялар беру; <\*>

сот сараптамасы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру;<\*>

әділет органдарының құзыретіне кіретін қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру; <\*>

құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу саласындағы

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру; <\*>

заңға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру; <\*>

3) халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру саласында:

заңдарда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес құқықтық көмек және шет мемлекеттермен құқықтық ынтымақтастық туралы шарттарды дайындау, жасасуды және орындауды ұйымдастыру; <\*>

Қазақстан Республикасының үкіметтік заемдары мен мемлекеттік кепілдіктері бойынша заңгерлік бағалау (Legal opinion); <\*>

көрсетілген шарттарға сәйкес шетелдік мемлекеттердің соттық тапсырмаларын, өтініштері мен өтінімдерін атқару;

халықаралық шарттардың жобаларына заң сараптамасы;

Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің заңдарын үйлестіру, біріздендіру, сондай-ақ Қазақстан таныған халықаралық нормаларды Қазақстан Республикасының заңдарына имплементациялау мәселелері бойынша талдау жүргізу;

белгіленген тәртіппен зияткерлік меншік құқығын өзара қорғау туралы халықаралық шарттарды дайындауға және жасасуға, осындай шарттарға қол қоюға қатысу;

шетелдік құқықтық көмек көрсетумен және құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар жасасумен байланысты іс-шараларды үйлестіру; <\*>

4) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласында:

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін жүргізу;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес орталық мемлекеттік органдардың, мәслихаттардың, әкімдіктер мен әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін тіркеу. <\*>

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу және мемлекеттік органдардың тіркелген нормативтік құқықтық актілерінің тізбесін жұртшылықтың назарына ұсыну үшін жариялау; <\*>

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, Жылжымайтын мүлік құқықтарының құқықтық кадастрын жүргізу;

жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу және жылжымалы мүлік кепілі тізілімін жүргізу; <\*>

филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізу; <\*>

қаржы лизингінің шарттарын тіркеу; <\*>  
азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу; <\*>

5) құқықтық көмекті ұйымдастыру мен заң қызметін көрсету саласында:

мемлекеттік нотариат кеңселерінің қызметіне басшылық жасау, жекеше нотариаттың дамуына көмектесу, нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережелердің және нотариустар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын сақтауын бақылау;

нотариаттық және адвокаттық қызметтерді лицензиялау, сондай-ақ адвокаттық қызметке байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

мемлекеттік нотариат кадрларын іріктеу, аттестациялау және орналастыру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен адвокаттар мен нотариустарға лицензиялар беру, кері қайтару, тоқтата тұру және тоқтату; <\*>

азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметін нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету; адвокатураға әдістемелік басшылық жасау;

орталық атқарушы органдардың заң қызметтерінің жұмысын үйлестіру және әдістемелік басшылық жасау, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының заң қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау; <\*>

нотариаттық кеңселердің, азаматтық хал актілерін жазу органдарының, адвокатураның заңды және жеке тұлғаларға көрсететін заң қызметтерінің сапасына бақылау жасау;

азаматтық хал актілерін жазу органдарының кадрларын аттестациялау, іріктеу және орналастыру, азаматтық хал актілерін жазу органдарына ұйымдастырушылық, әдістемелік басшылық жасау, олардың қызметінде бірыңғай құқық қолдану практикасын қамтамасыз ету; <\*>

әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою. <\*>

б) құқықтық насихат және жаппай құқықтық оқыту саласында:

құқықтық насихатты және жаппай құқықтық оқытуды ұйымдастыруды ведомствоаралық үйлестіру, заңдарды түсіндіруге қатысу; <\*>

заң әдебиеттеріне, құқықтық жаппай оқыту проблемалары жөніндегі әдебиеттерге тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру; <\*>

заң газеттері мен журналдарын шығару;

соттарда және аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тілді қолдану процесіне бақылауды және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

эталондық заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және анықтамалық-әдістемелік материалдарды шарты негізде, оның ішінде құқықтық ақпараттың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып

б е р у .

< \* >

7) зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету саласында:

қазақстандық және шетелдік авторлардың және сабақтас құқықтар иелерінің олардың құқықтық мұрагерлерінің ғылым, әдебиет және өнер туындыларын пайдалану кезінде, оның ішінде шетелде, зияткерлік меншік құқығының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау; <\*>

зияткерлік меншікті қорғау саласындағы заңдардың қолданылу тәжірибесін қорыту, сондай-ақ осы саладағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

< \* >

зияткерлік меншік саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу; <\*>

шығармаларды пайдаланушылардың авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың нормаларын сақтауын және авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдердің орындалуын бақылау;

авторлардың құқықтарын басқаратын ұйымдардың және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде иеленушілердің қызметін бақылау;

қазақстандық авторлар мен сабақтас құқықтарды иеленушілердің үздік шығармаларын, орындауларын, қойылымдарын, фонограммаларын, хабарларын шетелде насихаттауға, эфирлік және кабельдік хабарларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

шығармаларды пайдалануға арналған құқықтардың импорты мен экспортын ұйымдастыруға ықпал ету;

тиісті орталық атқарушы органдардың шығармаларды, орындауларды, қойылымдарды, фонограммаларды, хабарларды пайдалану туралы нормативтік құқықтық актілерді дайындауына қатысу;

ұжымдық негізде мүліктік құқықты басқаратын ұйымдардың және туындылар мен сабақтас құқық объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдерін пайдаланушылардың арасында жасалған лицензиялық шарттарды тіркеу, мемлекеттік тіркеу куәліктерін беру; <\*>

зияткерлік меншік құқығын өзара қорғау туралы халықаралық келісімдер мен шарттарды дайындауға және жасасуға, осындай келісімдер мен шарттарға қол қоюға белгіленген тәртіппен қатысу; <\*>

авторлық құқық пен сабақтас құқықтар мәселелері бойынша азаматтар мен ұйымдарға консультациялар беру;

ғылым, әдебиет және өнер туындыларының қолжазбаларын сақтау; өнеркәсіптік меншік объектілерін, тауарлар мен қызметтер көрсетуді даралау құралдарын, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, қорғау құжаттарын беру



және оларды күшінде ұстауды қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;  
өнеркәсіптік меншік объектілерінің, селекциялық жетістіктердің,  
интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу  
;

өнеркәсіптік меншік объектілері, селекциялық жетістіктер, интегралдық  
микросхемалар топологиялары туралы ақпараттың жариялануын қамтамасыз ету;

зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласында  
ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруды әрі өткізуді  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

ресми тізілімдерде авторлық құқықты тіркеу;  
өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық  
микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беруге өтінімдерді тіркеуді  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

қорғау құжаттарын беруге өтінімдерді сараптамадан өткізуді ұйымдастыру;  
патенттік іс саласында сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік  
ұйымдардың қызметін бақылау;

өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық  
микросхемалар топологияларын, ашық лицензияларды пайдалануға арналған  
лицензиялық шарттарды және қорғау құжаттарын басқаға беру шарттарын  
тіркеуді қамтамасыз ету. < \* >

8) шетелдік ұйымдар алдындағы берешек мәселелері бойынша  
Ведомствоаралық комиссия шеңберінде қазақстандық заңды тұлғалардың  
шетелдік кредиторлар алдындағы берешектерінің сипатын анықтау;

құқықтық құрамдастарды пайдаланудың басымдықтарын анықтауда  
халықаралық донорлық көмекті үйлестіру. < \* >

9 ) < \* >

1 0 ) < \* >

11) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында:  
әдістемелік, нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;  
бағалау қызметі субъектілерінің бағалау қызметінің белгіленген  
әдістемелерін, нормаларын, ережелерін және заңнаманы сақтауын бақылау; < \* >  
мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялау. < \* >

12) қылмыстық жазалауды және тергеу изоляторларында уақытша оқшалауды  
о р ы н д а у с а л а с ы н д а :

соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес сотталғандарды  
қылмыстық жазалауды және уақытша оқшаулауды орындаушы органдар мен  
мекемелерге орналастыруды ұйымдастыру;

тергеу изоляторларында күдіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды

ұ с т а у д ы

ұ й ы м д а с т ы р у ;

сотталғандарға қатысты соттардың үкімдері, қаулылары мен ұйғарымдарын орындау, қылмыстық жазалауды және уақытша оқшаулауды орындаушы органдар мен мекемелерде режимдік талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

қылмыстық жазалауды және уақытша оқшаулауды орындаушы органдар мен мекемелерді күзету, сотталғандар мен қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық жазалауды және уақытша оқшаулауды орындаушы органдар мен мекемелердегі жедел жағдайларды бақылау;

сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындау, қылмыстық жазалауды және уақытша оқшаулауды орындаушы органдармен және мекемелермен, басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен сотталғандарды түзеу нәтижелерін нығайту, оларды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі ө з а р а і с - қ и м ы л ;

қылмыстық жазалауды орындаушы мекемелерде жедел-іздістіру қызметін жү з е г е а с ы р у ;

қылмыстық-атқару жүйесін және тергеу изоляторларын дамыту, нығайту және жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

қылмыстық жазаларды орындау саласындағы мемлекеттік органдардың және ұйымдардың ғылыми зерттеулерін үйлестіру. <\*>

13) заңдарда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру, соның ішінде:

Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру және оларға жеке куәліктер мен төлқұжаттар беру;

әділет органдары жүйесінің кадрларын даярлау және қайта даярлау;

әділет органдарын, ведомстволық бағынысты ұйымдарды ұйымдастырушылық, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету , сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінген қаржы шегінде әділет органдарын ұстауға қаржы қаражатын бөлу;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша құқықтық мәселелер бойынша мемлекет мүддесін қорғауды қ а м т а м а с ы з е т у ;

орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтың актілерінің жариялануын бақылау. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.12. N 1695*

қ а у л ы с ы м е н .

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді және жаңа 8) тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.06. N 852 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.23. N 1295*

қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.30. N 151 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.29. N 411 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.14. N 494 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.15. N 824 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1750 қаулысымен*

*Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен .*

*Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.22. N 939 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.09. N 22*

қ а у л ы с ы м е н

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.03. N 260 қаулысымен.*

13. Министрлік мынадай құқықтарды иеленеді:  
өз өкілеттіктерінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығару; <\*>

Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру;

орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ мәслихаттар мен әкімдіктерде мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді тексеруді жүзеге асыру; < \* >

заңдарда көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуден өтпеген актілерге наразылық білдіруге прокуратура органдарына ұсыныстар енгізу; <\*>

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу; < \* >

өзіне берілген мүлікті басқаруды жүзеге асыру;  
лицензиялауды және лицензиаттардың қызметіне олардың лицензиялық талаптарды сақтауы бойынша бақылауды жүзеге асыру; <\*>

баспа қызметін жүзеге асыру;  
қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін бақылауды жүзеге асыру; <\*>  
ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

қылмыстық жазалауды орындаушы органдар мен мекемелерде төтенше оқиғалар жағдайында қызметтік тергеулер жүргізу, олардың себептерін анықтау және талдау, осындай жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау; заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен анықтауды жүзеге асыру, хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау, өз құзыреті шегінде әкімшілік жаза қолдану; жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру; <\*> қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

*ЕСКЕРТУ. 13-тармақ төртінші, бесінші абзацтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 733 қаулысымен .*

*Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен .*

*Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.22. N 939 қаулысымен .*

### **3. Министрліктің мүлкі**

14. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі әрі айналым қаражатынан, сондай-ақ құны баласында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

15. Министрліктің мүлкі республикалық меншікке жатады.

16. Министрлік өзіне бекітіп берілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де билік етуге құқылы емес.

Министрлік өз бетімен билік ететін мүлік құнының шекті мөлшері заңдарда белгіленуі мүмкін.

### **4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру**

17. Министрлік, оның органдары және ведомстволық бағынысты ұйымдары әділет органдарының бірыңғай жүйесін құрайды.

Министрлікті Министр басқарады.

Министрді Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары-вице-министрлері болады.

18. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

1 9 . М и н и с т р :

Министрліктің құрылымын бекітеді, сондай-ақ вице-министрлердің,

Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін белгілейді; <\*>

қызметке тағайындалуы және қызметтен босатылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған адамдарды қоспағанда, Әділет министрлігінің қызметкерлерін, Министрлік комитеттері басшыларының орынбасарларын, облыстық, Астана және Алматы қалалары аумақтық әділет органдарының, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің аумақтық органдарының, Министрлікке бағынысты ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; <\*>

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Министрлікті білдіреді; заңдарда белгіленген тәртіппен арнайы атақтарды, сыныптық шендерді береді ;

б ұ й р ы қ т а р ш ы ғ а р а д ы ;

Министрліктің аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ Министрліктің қарауындағы органдар басшылары актілерінің күшін жояды, не толығымен, не ішінара тоқтата т ұ р а д ы ;

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісім бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде айрықша жағдай режимін е н г і з е д і ; < \* >

орта және аға басшы құрамның бірінші арнайы атағы, сондай-ақ әділет полковнигі атағын береді; <\*>

сотқа мемлекеттік тіркеуге жататын, бірақ одан өтпеген мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен шағымданады; <\*>

әділет органдары орындауға міндетті актілерді, сондай-ақ өзінің құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға міндетті актілер шығарады; <\*>

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда заң бұзушылықтарды жою жөнінде ұсынымдар енгізеді. <\*>

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қ а б ы л д а й д ы .

*ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен*

*Ескерту. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен .*

*Ескерту. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.14. N 644 қаулысымен .*

*Ескерту. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.22. N 939 қаулысымен .*

20. Министрліктің Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган

болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын, сондай-ақ ол туралы ережені Министр бекітеді.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .*

## **5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

21. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1999 жылғы  
11 наурыздағы N 223  
қаулысына  
2-қосымша

*ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1999 жылғы  
11 наурыздағы N 223  
қаулысына  
3-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі**

"Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі  
"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң шығару институты"  
жабық акционерлік қоғамы <\*>

"Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік  
кәсіпорны < \* >

"Судьялар мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты" ашық  
акционерлік қоғамы < \* >

"Ұлттық заң қызметі" жабық акционерлік қоғамы

"Жеті Жарғы" жабық акционерлік қоғамы

"Заң" акционерлік компаниясы" ашық акционерлік қоғамы

*ЕСКЕРТУ. 3-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 487 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 3-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.28. N 314 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 3-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.08.18. N 1278 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 11 наурыздағы  
N 223 қаулысына  
4-қосымша

*ЕСКЕРТУ. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.23. N 461*

қаулысымен .

*ЕСКЕРТУ. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1369*  
қаулысымен .

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
мемлекеттік мекемелерінің - аумақтық органдарының  
тізбесі**

- |                                                       |                |
|-------------------------------------------------------|----------------|
| 1. Ақмола облысының Әділет департаменті               | Көкшетау қ.    |
| 2. Ақтөбе облысының Әділет департаменті               | Ақтөбе қ.      |
| 3. Алматы облысының Әділет департаменті               | Талдықорған қ. |
| 4. Атырау облысының Әділет департаменті               | Атырау қ.      |
| 5. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті      | Өскемен қ.     |
| 6. Жамбыл облысының Әділет департаменті               | Тараз қ.       |
| 7. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті      | Орал қ.        |
| 8. Қарағанды облысының Әділет департаменті            | Қарағанды қ.   |
| 9. Қызылорда облысының Әділет департаменті            | Қызылорда қ.   |
| 10. Қостанай облысының Әділет департаменті            | Қостанай қ.    |
| 11. Маңғыстау облысының Әділет департаменті           | Ақтау қ.       |
| 12. Павлодар облысының Әділет департаменті            | Павлодар қ.    |
| 13. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті | Петропавл қ.   |
| 14. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті  | Шымкент қ.     |
| 15. Астана қаласының Әділет департаменті              | Астана қ.      |
| 16. Алматы қаласының Әділет департаменті              | Алматы қ.      |